

Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 37 "Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 302 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қарашада № 4276 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 69 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 16.04.2019 № 69 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 37-бабына, "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11223 болып тіркелген) бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларының 4-тармағына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 37 "Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4076 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

қосымшасында:

субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына,

литріне) арналған субсидиялардың нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес 81-95-тармақтарымен толықтырылсын.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.И. Нәутиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғаев

Атырау облысы әкімдігінің
2018 жылғы "26" қарашадағы
№ 302 қаулысына қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары

№ р/ с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Тыңайтқыштар құрамындағы әсерлі заттар мөлшері, %	Өлшем бірлігі	Бір бірлікке субсидия нормалары, тенге
1	2	3	4	5
81	Минералды тыңайтқыш SWISSGROW Phoskraft MnZn	P2O5-30, Mn-5, N-3, Zn-5	литр	2 075
82	Минералды тыңайтқыш SWISSGROW Bioenergy	аммоний N-6,9, органикалық зат-44	литр	2 415
83	Минералды тыңайтқыш Nitrokal	жалпы N-9, нитратты N-8, CaO-9, Mg-5, Mo-0,07	литр	1 300
84	Минералды тыңайтқыш Super K	K2O-40	литр	2 225
85	Минералды тыңайтқыш BioStart	жалпы N-3, нитратты N-2, аммонийлы N-1,4, P2O5-30, Zn-5	литр	1 820
86	Минералды тыңайтқыш Phoskraft МКР	P2O5-35, K2O-23	литр	1 950
87	Минералды тыңайтқыш Suramin Foliar	жалпы N-3, Cu-3	литр	2 210
88	Минералды тыңайтқыш Aminostim	жалпы N-13,2 органикалық N-13,2, органикалық C-40	килограмм	2 350

89	Минералды тыңайтқыш Sprayfert 312	жалпы N-27, нитратты азот N-5,1, аммиакты азот N-1,8, мочеви́на - 20,1, P2O5-9, K2O-18, Mn-0,1, Zn-0,1, B-0,05	килограмм	2 300
90	Минералды тыңайтқыш Algamina	жалпы N-9, органикалық N-2, органикалық C-17, P2O5-6, K 2 O-21, MgO-2, Cu-0,08, Fe-0,2, Mn-0,1, Zn-0,01	килограмм	2 220
91	Минералды тыңайтқыш Aggumax	жалпы N-16, аммиакты азот N-1, мочеви́на-15, P2O5-5, MgO-5, B-0,2, Fe-2, Mn-4, Zn-4	килограмм	1 900
92	Минералды тыңайтқыш SWISSGROW Phomazin	жалпы N-3, аммонийлы N-1,5, мочеви́на-1,5, P2O5-30, Mn-5, Zn-5	литр	1 990
93	Минералды тыңайтқыш SWISSGROW Thiokraft	жалпы N-12, аммонийлы N-9, P2O5-15, K2O-5, SO3-30	литр	1 750
94	Минералды тыңайтқыш Vigilax	жалпы N-7,6, аммонийлы N-4,8, органикалық зат-40	литр	1 850
95	Минералды тыңайтқыш SWISSGROW Fulvimax	гумин қышқылының натрий тұзы-92,2, органикалық N-3,4	литр	1 165

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК